

Осымен, Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ (әрі қарай – Банк) Сізді Банкпен жасалған Типтік Бас келісімге қоса тіркелген Кредит желісін ашу (қосылу шарты талаптарында) туралы келісім преамбуласындағы техникалық қатеге байланысты төмендегілерді хабардар етеді:

1) 18.05.2021 жыл мен 07.02.2022 жыл аралығындағы кезеңде Кредит желісін ашу туралы келісімге қол қою арқылы қосылу жүзеге асырылған Банк Басқармасының Типтік Бас келісімді бекіту туралы 18.05.2021 жылғы №28 Хаттамасына берілген сілтеме дұрыс болып саналады.

Осылайша, Кредит желісін ашу (қосылу шарты талаптарында) туралы барлық келісімдер жоғарыда аталған кезеңде Банк Басқармасының 18.05.2021 жылғы №28 хаттамасымен бекітілген Типтік Бас келісімге (әрі қарай – Бас келісім) қосылу арқылы жасалған.

2) 08.02.2022 жыл мен 18.02.2022 аралығында кезеңде Кредит желісін ашу туралы келісімге қол қою арқылы қосылу жүзеге асырылған Банк Басқармасының Типтік Бас келісімді бекіту туралы 08.02.2022 жылғы №6 Хаттамасына берілген сілтеме дұрыс болып саналады.

Осылайша, Кредит желісін ашу (қосылу шарты талаптарында) туралы барлық келісімдер жоғарыда аталған кезеңде Банк Басқармасының 08.02.2022 жылғы №6 хаттамасымен бекітілген Типтік Бас келісімге (әрі қарай – Бас келісім) қосылу арқылы жасалған.

Егер Клиенттің уәкілетті тұлғасынан келген осы хабарлама Банк сайтында жарияланған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Кредит желісін ашу туралы келісімді бұзу туралы жазбаша өтініш келмесе, Клиент Бас келісімнің талаптарын да, Кредит желісін ашу туралы келісім талаптарын да сөзсіз қабылдай отырып, Бас келісім талаптарына толық көлемде автоматты түрде қосылады.

Бұл ретте айта кетерлігі, Бас келісім және/немесе Кредит желісін ашу туралы келісім бұзылған жағдайда Клиент Банк алдындағы барлық берешекті толық өтеуге міндетті.